

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CIFS8413>***А. Қ. Трушев, Ә. А. Трушев**

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ – «ПАЙҒАМБАР» ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

Мағжан Жұмабевтың «Пайғамбар» өлеңін жазуға әлем әдебиетінің де әсері зор болғанға ұқсайды. И. В. Гете, Вильям Блейк, Джордж Гордон Байрон, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Бунин т.б. шығармаларында өзекті ортақ «Пайғамбарлар» тақырыбы кеңінен жырланды және жазылды. Егер де орыс – еуропа әдебиетінде пайғамбарлар тақырыбы көбіне романтикалық бейненің әрекетімен ұштасып жатса, қазақ-шығыста романтикалық-реалистік (бірінің негізінде бірі) суреттелетіні байқалды. Пушкиннің «пайғамбары» теңіз бен жерді көктей өтіп, менің ерік жігерімнен шыққан ойыма ой қосшы, күш берші, адамдардың жүрегіне от берші деген жалбарыну, романтикалық сарыны басым сияқты. Қошқа аудармасында: пайғамбарға көзіңді аш, тұр, құлағыңды сал, аралап шөлді жерді, сулы жерді, орына келтір менің бұйрығымды – деп, мәтінді қазақ ұғымына қарай икемдегені байқалады. Мағжанның пайғамбары қазақ елін – күншығысты қаптаған қараңғылықтан, надандықтан, қайғы мен қан төгуден сақтап алып қалатын күрделі романтикалық бейнеден, реалистік бейнеге дейін көтерілген. Жалпы, күншығысты азат қылатын, бостандыққа жеткізетін – пайғамбар дәрежесінде суреттейді.

Кілтті сөздер: пайғамбар, әдебиет, романтикалық, реалистік, метафора, имандылық, күншығыс, гүн, күн.

Кіріспе

Мағжан Жұмабевтың «Пайғамбар» өлеңін жазуға әлем әдебиетінің де әсері зор болғанға ұқсайды. И. В. Гете, Вильям Блейк, Джордж Гордон Байрон, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Бунин т.б. шығармаларында өзекті ортақ «Пайғамбарлар» тақырыбы кеңінен жырланды және жазылды. Егер де орыс-еуропа әдебиетінде пайғамбарлар тақырыбы көбіне романтикалық бейненің әрекетімен ұштасып жатса, қазақ-шығыста романтикалық-реалистік (бірінің негізінде бірі) суреттелетіні байқалды. Асылы, ақындардың осындай

күрделі метафораға дейін баруы, пайғамбардың бейнесін жарларына арқау етуі бұл – Қошке Кемеңгеров, Мағжан Жұмабаев т.б. салған үрдістер ғана емес екенін екені байқалды [1, 3–120].

Зерттеудің нысаны:

Қазақ әдебиеті де ықпал еткен ислам мәдениеті арқылы, әлемді қамтыған екі дүниенің (материалды, рухани) әсіресе, діни рухани құндылықтардың арасына шек қоймайды, жалпы ғылымды (ислам, христиан т.б.) тұтас дүние деп қарастырады.

Зерттеудің пәні: Қасиетті кітаптар адамдарды тек қана ізгілік мұраттарға шақырады. Үш ақынның да Пушкин, Қошке, Мағжан жырлап, өлеңдеріне арқау болған ол – пайғамбар. Бірақ, үш ақынның пайғамбар туралы жырлағаны әр түрлі формада болғанымен айтылар ой, мазмұны біреу-ақ. Ол-бауырлар, бейбітшілік.

Мақсаты: Орыс-еуропаға ортақ діни бейнелер мен адам сипаттарына қатысты көркемдік ерекшеліктер үндестігін, сюжет төркіндігін, бейнелеу құралдарының сабақтастығын белгілеу болып табылады. «Пайғамбарлар» бенесін аша келіп, Мағжан Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңінің мәні мен мазмұнын жан-жақты талдап көрсету.

Міндеттері: Қазақ-шығыс, орыс-еуропаға ортақ діни әдеби үндестігі (ислам, христиан) олар діни пайғамбарлар арқылы: Ыбраһим (Авраам), Сүлеймен (Соломон), Мұса (Моисей), Иса (Ғайса) немесе, Исаның (Құранда Ғиса – Ә. А.) Мариям анаға деген құрмет те әдебиетте танылып, бауыр (братья), ортақ құндылықтар екендігі ашылып, тақырыптың міндетін айқындайды.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

М-Ж. Көпеев, С. Торайгыров, Қ. Кемеңгеров, М. Жұмабаев, А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Бунин шығармаларындағы рухани үндестік барлығы анықталды. Тіпті, неміс – И. В. Гете, ағылшын-Вильям Блейк, Джордж Гордан Ноэль Байрон, шығармаларындағы да рухани-әдеби қағидалардың ортақтығы байланысты екендігі байқалды [2, 34–70]. Үш ақынның да өлеңіне арқау болған ол-пайғамбар. Қошке Кемеңгеров Пушкиннің өлеңін сан мәрте оқыды, жүрегінен өткізіп барып аударды. Пушкиннің «пайғамбары» теңіз бен жерді көктей өтіп, менің ерік жігерімнен шыққан ойыма ой қосшы, күш берші, адамдардың жүрегіне от берші деген жалбарыну, романтикалық сарыны басым сияқты. Қошке аудармасында: пайғамбарға көзінді аш, тұр, құлағыңды сал, аралап шөлді жерді, сулы жерді, орына келтір менің бұйрығымды – деп, мәтінді қазақ ұғымына қарай икемдегені байқалады. Мағжанның пайғамбары қазақ елін – күншығысты қаптаған қараңғылықтан, надандықтан, қайғы мен қан төгуден сақтап алып қалатын күрделі романтикалық бейнеден, реалистік бейнеге дейін көтерілген. Таңмен

таласып, жер жүзіне нұрын шашатын, күннің шуғанын төгетін, қап-қара түнді сәулесімен жарық қылатын – пайғамбар. Жалпы, күншығысты азат қылатын, бостандыққа жеткізетін – пайғамбар дәрежесінде суреттейді. Мағжанның «Пайғамбар» өлеңі астарлы жазылған. Мағжанның «Пайғамбарын» тану үшін, оның «Күншығыс» өлеңінің мәні мен мазмұнын білу керек сияқты. Қошқе Кемеңгеров Пушкиннен «Пайғамбар» өлеңін өте дәл аударған.

«Восстань, пророк, и виждь, и внемли,

Исполнись волею моею,

И, обходя моря и земли,

Глаголом жги сердца людей»

Қошкенің аудармасын салыстырыңыз:

«Көзіңді аш! Тұр, пайғамбар, құлағыңды сал.

Орнына келтір менің бұйрығымды.

Жүрегін сөзбен жұрттың күйдір» – дейді,

«Аралап шөлді жерді, сулы жерді».

Мағжан Жұмабаев «Пайғамбар» өлеңінің бір шумағымен салыстырсақ:

Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,

Ой артынан ойлар келіп кетеді.

Түн баласы көр көзінен жас төгіп,

Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

– дейді [3, 51–58], [4, 338–339], [5, 226–267].

Қорытынды

Мағжан Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңі мына жайттарға ұласты: әлемдік тұрғыда ойлай білетін аттары аталған ақын-жазушылардың шығармаларындағы әртүрлі тілде айтылатын ойдың мәні мен мазмұны сайып келгенде бір ғана арнаға тоғысатыны байқалды. Бірінші – ислам құндылығын теріске шығармайды, керісінше қолдайды; екінші – пайғамбарлардың діни сенім-нанымдары әртүрлі болғанымен имандылыққа шақыратын идеясы бір; үшінші – Аллаға, Құдайға табынар әдіс-тәсілдері әртүрлі болғанымен, діннің идеясы бір: адамгершілік, татулық, дін-қарындас (бауырлар) [6].

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Тұрышев, Ә. А., Мүлікбаева, А. М.** Еуразия руханияты (Мәшһүр-Жүсіп шығармалары бойынша) – Павлодар, 2012. – 3–120 б.

2 **Тұрышев, Ә. А.** Қазақ-Шығыс және Орыс (Еуропа) әдебиеті байланысы (Мәшһүр Жүсіп шығармалары бойынша) – Павлодар, 2007. – 34–70 б.

3 **Мағжан Жұмабаев.** Шығармалары (өлең, поэмалар, қара сөздер). – Алматы : «Жазушы» баспасы, 1989. – 51–58 б.

4 **Пушкин, А. С.** Том второй. Стихотворения. – М. : Издательство Академии наук СССР, – 1963. – 338–339 с.

5 **Қошке Кемеңгерұлы.** Үш томдық шығрамалар жинағы. – Алматы «Алаш», 2005. – 266–267 б.

6 Зарубежная литература. XIX век романтизм. – М. : Издательство «Просвещение», 1976.

References

1 **Turyshev, Á. A., Múlikbaeva, A. M.** Eýrazia rýhaniaty (Máshhúr-Júsip shygarmalary boıynsha) [Spirituality of Eurasia-based on the works of Mashkhur-Zhusup] – Pavlodar, 2012. – 3–120 p.

2 **Turyshev, Á. A.** Qazaq-Shygys jáne Orys (Eýropa) ádebieti baılanysy (Máshhúr Júsip shygarmalary boıynsha) [The connection of Kazakh-Eastern and Russian (European) literature-based on the works of Mashkhur Zhusup] – Pavlodar, 2007. – 34–70 p.

3 **Maǵjan Jumabaev.** Shygarmalary (óleń, poemalar, qara sózder). [Works (poems, words of edification)] – Алматы : «Jazýshy» baspasy, 1989. – 51–58 p.

4 **Pýshkin, A. S.** Tom vtoroi. Stihotvoreniá. [Volume two. Poems]. Iskatelstvií akademii nauk SSSR] – M., Izdatelstvo Akademii náyk SSSR, 1963. – 338–339 s.

5 **Qoshke Kemeңgeruly.** Úsh tomdyq shygramalar jınaǵy [Collected works in three volumes]. – Алматы : «Alash», 2005. – 266–267 p.

6 Zarybejnaja literatyra. XIX vek romantizm [Foreign literature. XIX century Romanticism]. – M. : Izdatelstvo «Prosveshenie», 1976.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

А. К. Трушев, А. А. Трушев

Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

МАГЖАН ЖУМАБАЕВ – О СТИХАХ «ПРОРОК»

Похоже, что мировая литература сильно повлияла на Магжана Жумабаева для написания стиха «Пророк». В работах И. В. Гете, Вильяма Блейка, Джорджа Гордона Байрона, А. С. Пушкина, М. Ю. Лермонтова, И. А. Бунина и др. широко воспета и написана актуальная общая тема «пророки». Если в русско-европейской литературе тема пророков во многом связана с действием

романтического образа, то на казахско-восточной литературе она описывается как романтическая-реалистическая (одна на основе другой).

Так же в работе рассматривается понятие «сестры, братья», которые являются общим как для одной так и для другой религии. В русско-европейской литературе Пророки были в основном романтического течения, в казахско-восточной литературе как романтико-реалистические.

Ключевые слова: пророк, литература, романтический, реалистический, метафора, Вера, Восход, Гюн, солнце.

A. K. Trushev, A. A. Trushev
Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 21.05.21.

MAGZHAN ZHUMABAYEV – ABOUT THE VERSES «THE PROPHET»

It seems that world literature strongly influenced Magzhan Zhumabayev to write the verse «The Prophet». In the works of I. V. Goethe, William Blake, George Gordon Byron, A. S. Pushkin, M. Y. Lermontov, I. A. Bunin, and others, the topical general theme «prophets» is widely praised and written. If in Russian-European literature the theme of the prophets is largely connected with the action of a romantic image, in the Kazakh-East it is described as romantic realistic (one based on the other).

The most important has been proved that, sisters and brothers are common for both religions. In Russian-European literature the Prophets were basically of romantic trend, in Kazakh-oriental literature the Prophets were of romantic-realistic trend.

Keywords: prophet, literature, romantic, realistic, metaphor, Faith, Sunrise, gyun, sun.

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz